

СҚКО 2024-2025 оқу жылының жұмысы туралы есеп

Студенттерге қызмет көрсету орталығы Академияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның негізгі қызметі студенттердің бірінші курсқа қабылданған сәттен бастап оқуын аяқтағанға дейін есепке алу мен қозғалысын жүргізуді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтиды.

Берілген міндеттерді шешу үшін СҚКО келесі функцияларды орындайды:

1) студенттерден оқуға қайта қабылдау, ауыстыру және оқудан шығару туралы өтініштерді қабылдау және тіркеу;

2) қаралған және өңделген өтініштерді беру ;

3) өтініштерді қабылдау және беру барлығы студенттердің өтініші бойынша құжаттардың түрлері (сертификаттар, оқу ақысына жеңілдіктер беру);

4) ұсынылған құжаттардың толық пакетін тексеру;

5) студенттер мен магистранттардың жеке құрамы бойынша бұйрықтарды дайындау және жариялау;

6) Академияда білім алудың барлық кезеңінде студенттердің жеке істерінің сақталуын сақтау және қадағалау;

7) білім алушылардың жеңілдетілген санаттарын есепке алу (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, эдвайзердің өтініші бойынша мүгедектер);

8) студенттер контингентін академияның бөлімшелермен келісу;

9) дипломдар мен телнұсқаларды атаулы беру тізілімдерін жүргізу;

10) талапкерлердің жеке істерін кейіннен сақтау және пайдалану үшін қабылдау және дайындау;

11) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының нысанындағы алғашқы статистикалық мәліметтерді және Қазақстан Республикасының ҒжЖБМ басқа да есептерді дайындау және ұсыну;

12) Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ шетелдік білім алушыларды уақытша тіркеу үшін тиісті құжаттарды (мемлекеттік шекарадан өту ережелеріне сәйкес) бақылау және беру;

13) контингенттің қозғалысы және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ай сайынғы және тоқсандық есептер;

14) «Platonus» ЖОО АЖ, ЖБББП, ҰББМБ академияның ақпараттық жүйелерінің және Office 365 бағдарламасының студенттердің электрондық дерекқорын сақтау және жаңарту, соның ішінде студенттердің дерекқорын өңдеу және жаңарту (оқу, ауыстыру және қайта қабылдау) және бітірушілер. Жұмыс бір уақытта бірнеше бағдарламаларда жүргізіледі - Platonus, ЖБББП және ҰББМБ. Сонымен қатар, эдвайзерлердің студенттермен жұмыс жасауы Office 365 бағдарламасына да өзгерістер енгізілуде.

15) аудандар мен қалалардың қорғаныс және үкіметтік істер бөлімімен студенттерді ай сайынғы тексеруден өткізу;

16) түлектердің жеке істерін академия мұрағатына тапсыру;

17) студенттерді қызықтыратын мәселелер бойынша СҚКО жүтінген кезде оларға ақпараттық көмек көрсету;

18) Академия басшылығының басқа да тапсырмаларын орындау.

19) «Атамекен» рейтингісіне студенттерді қабылдау туралы деректерді, «Атамекен» рейтингіне студенттерді қабылдау туралы мәліметтерді және өтініштердегі студенттер туралы жеке мәліметтерді жаңартумен қатар, Білім беруді зерттеу орталығы ОӘБ мен бөлімдерге сұраныс бойынша қажетті ақпаратты, соның ішінде төлқұжат мәліметтері бар халықаралық студенттердің тізімін, түлектердің санын және білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсуді ұсынады. Растайтын құжаттар (оқуға қабылдау туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер, төлқұжаттардың сканерленген көшірмелері) қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ талаптарына және академия түлектеріне жеке үлгідегі дипломдарды беру талаптарына сәйкес, 2024 жылдан бастап ЖБББП диплом нөмірлері қалыптастырылады. Дипломдар мен қосымшаларды толтыру үшін СҚКО 2025 жылғы түлектердің картотекаларын тексерді. Оқу жылында өткен жылдардағы түлектердің өтініші бойынша дипломдарды цифрландыруға байланысты СҚКО 1999 жылдан 2024 жылға дейін түлектердің мәліметтер қорын өңдеп, толықтырды.

Академияның білім беру бағдарламалары бойынша дипломдарды беру жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылы СҚКО жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді.

Студенттік контингент

2024-2025 жылғы 2 қыркүйектегі жағдай бойынша студенттер саны 1704 адамды құрады.

Бакалавриатта 1607 адам. Олардың ішінде күндізгі бөлімде оқитын студенттер - 179 адам (4 жылдық оқу курсымен – 133 адам, 5 жыл – 46 адам), жоғары білім және техникалық және кәсіптік білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқыту – 253 адам (жоғары білім базасында – 51, техникалық және кәсіптік білім базасында – 202), жоғары білім және техникалық және кәсіптік білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқыту ҚОТ қолдануымен – 1175 адам (жоғары білім негізінде – 308, техникалық және кәсіптік білім негізінде – 867).

Магистратурада 85 адам бар, 1 тыңдаушы.

11 адам академиялық демалыста болды.

№	Оқу бағыты	күндізгі оқу нысаны	жоғары білім және ТЖКБ негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны	жоғары білім және ТЖКБ негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны (қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануымен)	магистратура		Магистратура тыңдаушысы	жалпы бағыттар бойынша
					1 жыл	2 жыл		
1	Педагогикалық ғылымдар	69	234	887	0	63		1253
2	Құқық	50		206	0	19	1	276
3	Бизнес және басқару	14		82	0	3		99

4	Денсаулық сақтау	46	19					65
	Академиялық демалыс	5		5		1		11
	Барлығы:	184	253	1180	0	86	1	1704

2024-2025 оқу жылына қабылданған студенттер саны – 364 адам, бакалавриат бойынша – **333** адам: күндізгі оқу нысаны бойынша – 18 адам (оқу мерзімі 4 жыл), жоғары және техникалық және кәсіптік білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша – 240 адам (жоғары білім базасында – 53, техникалық және кәсіптік білім базасында – 187), қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып жоғары және техникалық және кәсіптік білім беру базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша – 75 адам (жоғары білім базасында - 41, ТжКБ - 34), магистратурада - **31** адам және де 1 магистратураның тыңдаушысы .

2023-2024 оқу жылына қабылданған студенттер саны – 818 адам, бакалавриат бойынша – **803** адам: күндізгі оқу нысаны бойынша – 49 адам, оның ішінде 4 жылдық және 5 жылдық оқу мерзімімен 37 адам, 3 жылдық оқу мерзімімен 12 адам, жоғары және техникалық және кәсіптік білім негізінде күндізгі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша 754 адам, оның ішінде 271 адам жоғары білім негізінде, 483 адам ТжКБ базасында, **15** адам магистратурада. Және де 2 магистратураның тыңдаушысы.

2023 - 2024 оқу жылының студенттерді қабылдаумен салыстырғанда **2024-2025 оқу жылына қабылдау 454** адамға азайды, 2024 жылдан бастап педагогикалық бағдарламаларға қабылдау тек күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылды.

«Bolashaq» академиясына түскен әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында, және де «Bolashaq» колледжін бітіргендердің оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған.

Соңғы 3 жылда «Bolashaq» академиясына студенттерді қабылдау динамикасы (2022, 2023, 2024 жылдар)

1-кесте

Оқу жылы	Күндізгі оқу		Жоғары және техникалық және кәсіптік білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны		Магистратура	Барлығы
	4 жыл, 5 жыл	3 жыл	2 жыл	3 жыл		
2022 -2023 оқу жылы	38	5	279	460	24	806
	43		739			
2023 -2024 оқу жылы	37	12	271	483	15	818

	49		754			
2024-2025 оқу жылы	18	0	223	92	31	364
	18		315			

01.07.2024 жылға контингент 1338 адамды құрады.

2024-2025 оқу жылының күзгі семестрінде 8 адам қайта қабылданды, оның ішінде:

Қайта қабылданды - 6 адам (бакалавриат)

Басқа жоғары оқу орындарынан ауысқандар – 2 адам (бакалавриат 1 – Қазтұтынуодағының Қарағанды университеті, 1 - О.А Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті)

Күзгі семестрде 2 студент оқу тілін ауыстыруына байланысты академия ішінде ауысуы болды.

2024-2025 оқу жылының күзгі семестрінде (2024 жылғы 2 шілдеден 2024 жылғы 24 желтоқсанға дейін) 36 адам келесі себептер бойынша оқудан шығарылды :

- академиялық кезеңде себепсіз (80 сағаттан астам) жүйелі түрде сабақты босатқаны үшін - 3 адам (бакалавриат)

- оқу ақысын төлемегені үшін – 2 адам (магистратура)

- өз еркімен – 27 адам (24 – бакалавриат, 3 – магистратура)

- қайтыс болуына байланысты - 2 адам (бакалавриат)

- басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты – 1 адам (бакалавриат)

1 (бірінші) оқу жылының соңында тапсырған ҰБТ нәтижелері бойынша шекті баллға бірнеше рет қол жеткізе алмаған шартты түрде қабылданған студенттер – 1 адам (бакалавриат).

7 адам академиялық демалысқа шықты (3 адам академиялық демалысқа шықты, 4 адам академиялық демалысын ұзартты).

05.01.2025 жылғы жағдай бойынша контингент 1 тыңдаушы бірге 1675 адамды құрады.

2025 жылдың 20 қаңтарында «Негізгі магистратураға куәлік беру және тыңдаушыны оқудан шығару туралы» бұйрық шығарылды - 1 адам.

2025 жылдың 03 ақпан айындағы жағдай бойынша басқа ЖОО-дан ауысқандарды және бұрын оқудан шығарылған студенттерді қайта қабылданғандарды, сондай-ақ студенттерді оқудан шығаруды ескере отырып, білімалушылардың контингенті 1710 адамды құрады. Бакалавриатта күндізгі оқу нысанда 219 адам, жоғары және техникалық және кәсіптік білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламаларында күндізгі оқу нысанда 240 адам (жоғары білім негізінде 49, техникалық және кәсіптік білім беру негізінде 191), қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып жоғары және техникалық және кәсіптік білім беру негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша 1153 адам (жоғары білім негізінде 303, техникалық және кәсіптік білім беру негізінде 850). Магистратурада 87 адам. 11 адам академиялық демалыста болды.

№	Оқу бағыты	күндізгі оқу нысаны	жоғары білім және ТЖКБ негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны	жоғары білім және ТЖКБ негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны (қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануымен)	магистратура		жалпы бағыттар бойынша
					1 жыл	2 жыл	
1	Педагогикалық ғылымдар	87	223	870	0	66	1246
2	Құқық	65		199	0	18	282
3	Бизнес және басқару	10		84	0	3	97
4	Денсаулық сақтау	57	17				74
	Академиялық демалыс	2		7		2	11
	Барлығы:	221	240	1160	0	89	1710

2024-2025 оқу жылының көктемгі семестріне 74 адам қайта қабылданды, оның ішінде:

Қайта қабылданды – 10 адам (бакалавриат)

Басқа жоғары оқу орындарынан қайта қабылданғандар

- 54 адам (бакалавриат)

«Әлеуметтік білім академиясы» ЖО АҚҰ

- 1 адам (бакалавриат)

«Көкше» Академиясы» мекемесінен

- 9 адам (магистратура)

(«Халықаралық бизнес және басқару академиясы» ЖО АҚҰ-нан - 7 адам,

«Әлеуметтік білім беру академиясы» ЖО АҚҰ 2 адам).

Көктемгі семестрде академияның ішінде 6 студент ауысты:

✓ оқу тілін өзгерту бойынша – 1 адам

✓ бір ББ екінші ББ-на ауысуы – 5 адам.

2025 жылғы 5 қаңтардан 27 маусымға дейін 79 адам оқудан шығарылды:

✓ академиялық кезеңде себепсіз (80 сағаттан астам) жүйелі түрде сабақты босатқаны үшін – 2 адам (2 бакалавриат)

✓ білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін – 25 адам (25 - бакалавриат)

✓ өз еркімен – 20 адам (19 – бакалавриат, 1 – магистратура)

✓ басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты – 2 адам (2 – бакалавриат)

✓ академиялық үлгермеушілік үшін – 21 адам

(20 – бакалавриат, 1 - магистратура)

✓ қайтыс болуына байланысты – 1 адам (1 – бакалавриат)

✓ оқудағы үлгермеушілік және қаржылық қарызы үшін жұмыс және жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған және қорытынды аттестацияға жіберілмегендер ретінде – 3 адам (3 – бакалавриат)

✓ ҚА келмеген үшін – 2 адам (2 – бакалавриат)

✓ ҚА тапсыра алмаған үшін - 3 адам (3 - бакалавриат)

5 адам академиялық демалысқа шықты.

Көктемгі семестрде 2025 жылғы 20 қаңтардағы №56 бұйрығымен «Негізгі дипломына куәлік беру және тыңдаушыны оқудан шығару туралы» 1 тыңдаушыға магистрдың негізгі дипломына куәлік берілді.

**02.07.2024 бастап 27.06.2025 аралығында
оқудан шығарылған студенттердің жалпы саны**

№	Негіз	2024 -2025 оқу жылы
1	басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты	3 (бакалавриат)
2	академиялық үлгермеушілік	21 (20 – бакалавриат, 1 – магистратура)
3	академиялық кезеңде себепсіз (80 сағаттан астам) жүйелі түрде сабақты босатқаны үшін	5 (бакалавриат)
4	білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін	27 (25 – бакалавриат, 2 – магистратура)
5	өз еркімен	47 (43 – бакалавриат, 4 – магистратура)
6	қорытынды аттестацияға келмегені үшін	2 (бакалавриат)
7	ҚА/ҚМА тапсыра алмаған үшін	3 (бакалавриат)
8	1 (бірінші) оқу жылының соңында өткізілген ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) нәтижелері бойынша шекті баллға бірнеше рет қол жеткізе алмаған шартты түрде қабылданған студенттер	1
9	жұмыс және жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған және қорытынды аттестацияға жіберілмегендер ретінде академиялық үлгермеушілік және қаржылық қарыз үшін	3 (бакалавриат)
10	қайтыс болуына байланысты	3 (бакалавриат)
Барлығы		115 (108 – бакалавриат, 7 – магистратура)

Академияны 760 адам аяқтады, оның 67-сі күндізгі оқу нысаны бойынша (4 жылдық оқу - 40, 5 жылдық оқу - 18, 3 жылдық қысқартылған күндізгі оқу - 9), жоғары және техникалық кәсіптік білім негізінде күндізгі оқу нысаны (ҚОТ қолдануымен) – 644 (264 жоғары білім негізінде, 380 техникалық және кәсіптік білім негізінде), 49 адам магистратурада. Сондай-ақ 1 магистратура тыңдаушысы.

Қорытынды аттестацияға 2 адам келмеді, 3 адам қорытынды аттестациядан өтпей, «қанағаттанарлықсыз» деген баға алды.

Студенттер контингенті 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша оқудан шығарылған және бітірушілерді есептемегенде **920** адамды құрады, оның ішінде күндізгі оқу нысанында - **156**, жоғары және техникалық және кәсіптік білім беру негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында - **225**, ҚОТ қолданумен жоғары және техникалық білім беру және кәсіптік білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары күндізгі оқу нысанында – **490**, магистратура бойынша – **38** , академиялық демалыс – **11**.

№	Оқу бағыты	күндізгі оқу нысаны	жоғары білім және ТЖКБ негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны	жоғары білім және ТЖКБ негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны (қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануымен)	магистратура		жалпы бағыттар бойынша
					1 жыл	2 жыл	
1	Педагогикалық ғылымдар	65	212	350	0	35	662
2	Құқық	45		98	0	3	146
3	Бизнес және басқару	4		42	0	0	46
4	Денсаулық сақтау	42	13				55
	Академиялық демалыс	1		9		1	11
	Барлығы:	157	225	499	0	39	920

Ректордың 2025-2026 оқу жылына дайындық туралы бұйрығына сәйкес студенттерге қызмет көрсету орталығы келесі жұмыстарды атқарды:

1. «Платонус» ААЖ-да, EPVO дипломдар мен қосымшаларды толтыру үшін 2025 жылғы түлектердің картотекасын тексеру;

2. 2025-2026 оқу жылына оқу жүктемесін есептеу үшін білім берудің барлық нысандары студенттерінің контингентін дайындау;

3. Жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен шәкіртақылар мен мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау және жазғы каникул кезінде мемлекеттік білім гранттары бойынша оқитын студенттерге республикалық бюджеттен жол жүруіне ақшалай өтемақы төлеу туралы бұйрық шығарылды;

4. Студенттерді курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрықты дайындау.

Осылармен қатар келесі жұмыстар жүргізілуде:

1. тұрақты негізде жазғы демалыс кезінде «Platonus» ААЖ, EPVO-ларда қозғалысқа сәйкес академия студенттерінің мәліметтер базасын реттеу;

2. жазғы семестрдің қорытындысын ескере отырып, тіркеу бөлімімен бірлесіп студенттерді курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрықты дайындау және рәсімдеу;

3. 2025 жылы бітіретін студенттердің жеке істерін Академия мұрағатына тапсыру үшін дайындау;

4. уақытында алмаған дипломдарды беру .

«Bolashaq» академиясы мемлекеттік қызметтің 8 түрін көрсетеді :

1. «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» (Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы) – 333 адам. Оның 18-і күндізгі оқу нысанында, 92-сі жоғары білім негізінде күндізгі қысқартылған оқу нысанында, 22-сі техникалық және кәсіптік білім негізінде күндізгі қысқартылған оқу нысанында оқиды. Қамтамасыз ету нысаны қағазға негізделген.

2. «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» (Қабылдау комиссиясының хатшысы) – 31 адам. Бұл қызметті қағаз жүзінде көрсетіледі.

3. «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» - 9 адам.

4. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» (ӘТЖ жөніндегі проректор Р.Н.Исмаилова) – 12 орын (2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың маусымына дейін). Қамтамасыз ету нысаны – қағаз.

5. «Жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну» - 0.

6. «Шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау» – 0.


7. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» (жауапты ОӘБ) – 50 дипломның телнұсқасы (2024 жылғы шілдеден бастап 2025 жылдың маусымына дейін). Оның 9-ы Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы, 41-і МҚКА арқылы. Қамтамасыз ету нысаны электронды және қағаз.

8. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзектендіру (түзету)» – 0.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер департаменті Академияда мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша тексеру жүргізді. Академияның мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты құжаттамалары қаралды. Тексеру барысында Академия тарапынан мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету бойынша ұсыныстар берілді. Ұсыныстар орындалып, Ғылым және жоғары білім министрлігі Цифрландыру және мемлекеттік қызмет көрсету департаментінің жауапты аудиторларына жолданды.

Академия көрсететін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат және оларды көрсету ережелері академияның сайтында орналастырылған.

СҚКО басшысы



А.О. Омирзакова